

Ал, «Harris Interactive» компаниясының жүргізген сауалнамасы бойынша он американдықтың тоғызы елінің әнұраны орындағанда мақтаныш сезімге бөленетінін айтады. Сонымен қатар, Америка Құрама Штаттарының негізгі құрметті символдары деп төмендегілерді: Америка туы, Еркіндік статуясы, мемлекеттік әнұран, герб, бүркіт, Ақ үй және «Боже благослави Америку» әні негізгі орын алатынын атайды.

Жоғарыда патриоттық тәрбиеге талдау жасау барысында айқындағанымыз патриотизм мәселесіне тек мемлекеттік саясат тұрғысынан ғана қарамайды, әр адамның жекелей міндеті тұрғысынан қарастырылады.

Қазіргі таңда елімізде 33 аса патриоттық клубтар жұмыс жасап жатыр. Олардың бағыттары да әр түрлі. Ал біздің университетте «Жас сұңқар» әскери спорттық клубы құрылып, жұмыс жасауда. Бұл әскери спорттық клубтың мақсаты:

- әскери патриоттық жүйені жетілдіру;
- жастардың шығармашылық, дене сапаларын дамытуға қолайлы жағдайлар туғызу болып табылады.

Сонымен қатар «Жас сұңқар» әскери спорттық клубы мынадай міндетерді алдына қойып отыр:

- әскери спорттық ойындар өткізу және спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастыру;
- әскерге дейінгі жастармен және соғыс ардагерлерімен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру.

Сондай-ақ клуб мүшелерінің өздерінің құқықтарымен міндеттері бекітілген. Қазіргі таңда клуб қарқынды жұмыс жүргізуде. Өткізілген іс-шаралар бұқарлақ ақпарат құралдарында үздіксіз беріліп отырады.

Осындай жұмыстар жастарды отансүйгіштіке баулып Отан алдындағы борыштын мүлтіксіз орындауға өз септігін тигізеді деген ой білдіреміз.

Әдебиеттер:

1.Рамашов Н.Р., Иманбетов А.Н. Әскери патриоттық тәрбие негіздері: Оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: Баспа, 2013 .- 100б.

2.Салтанова Е.С. Военно-патриотическое воспитание студентов в учебном процессе вуза (на материалах военной кафедры): автореф... к.п.н. 13.00.01 Алматы, 2005.-С.29.

3.Самарец Г.А. Содержание и методы военно-патриотического воспитания в России и западной Европе: автореф. ...к.п.н. 13.00.01- М., 2001. -25 с.

Тютекулова Т.А. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, шетел тілі факультеті, топ МИЯ-22-1к, магистрант
(*Ғылыми жетекші — п.ғ.к., профессор Копжасарова У.И.*)

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ НЕГІЗІНДЕ СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

XXI ғасырда қоғамның қазіргі басты қажеттілігі ол жеке тұлғаның сыни ойлау қабілетінің жоғары деңгейде дамуы. Бұл қажеттілік еркін, шығармашылық тұлғаға сәйкес келетін қоғамға бейімділікпен байланысты. Қазақстан Республикасының шет тіліндегі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес оқу процесін ұйымдастырудың проблемалық қағидатына негізделуге тиіс деп мәлемдеген. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлау дамыту мақсатында проблемалық әдістерді қолдану маңызды болып табылады. Соңғы уақытта ойлау түрлерінің ішінде сыни тұрғыдан ойлау адамның ақпаратты логикалық жағынан талдау қабілеті, әртүрлі көзқарастар мен жеке түсіну қабілеті ретінде көбірек талқылануда. Сыни тұрғыдан ойлаудың қазіргі концепциялары психологиядағы, философиядағы зерттеулерге, сондай-ақ Д.Дьюидің рефлексивті ойлау туралы теорияларына, Д.Брунердің білім берудегі конструктивизм теориясына, Л.С.Выготский жоғары психикалық функцияларды зерттесе, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейннің білім берудегі сыни ойлаудың басымдығы туралы ғылыми еңбектерінде берілген. М.Липман сыни рефлексияда төрт кезеңді белгілейді: 1) әріптестерінің тәжірибесін сынға алу; 2) өзін-өзі сынау; 3) басқалардың тәжірибесін түзету; 4) өзін-өзі түзету [1, б. 25]. Д.Весс ағылшын тілі сабағын проблемаларды

шешіп, сол арқылы оқушылардың сыни ойлауының дамуын ынталандыру әдісін ұсынды. Оның әдістемесінде жетекші рөл фактілерді түсіндіру, студенттер арасындағы диалог және ақпарат көзі болды. Сондықтан оның пікірінше, студенттерді жаңа ақпаратпен таныстыра отырып, оны талдау қажет [2]. Д. Клюстердің зерттеулері сыни тұрғыдан ойлаудың ерекшеліктері мен кезеңдерін анықтауға бағытталған [3]. Ол сыни тұрғыдан ойлау ол белгілі бір идеяларды сынау, бағалау, дамыту және қолдану кезінде пайда болады деп есептейді. Ал Л. А. Волчегурский проблемалық оқыту " ойлау процесінің барысында оқушылардың танымдық, шығармашылық, теориялық және практикалық іс-әрекетін басқару жүйесі деп жазған. Л. С. Выготский былай деп жазады: "проблемалық әдіс оқушыны өз бағытын табуға, яғни өмірдегі қиындықтарға төтеп беруге көмектеседі". Т. А. Ильина пікірінше "оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсатында оқытудың проблемалық әдісін қолдану керектігін жазды". Дж. Дьюидің пікірінше, проблемалық әдіс – ол рефлексиялық ойлауды құрайтын саналы таңдау процесі [4].

Қорытындылай келе, ғалымдардың пікірінше проблемалық әдіс оқушылардың жан-жақты дамуға, өзін-өзі бағалауға, сыни тұрғыдан ойлауға, өмірге дұрыс бейімделуге итермелейді. Сыни тұрғыдан ойлау – адамның сұрақ қою, әртүрлі дәлелдер келтіру және ойластырылған шешім қабылдау қабілеті. Сыни ойлауды дамыту үшін сабақтарда пікірталастар, дөңгелек үстел, flipped classroom қолданылады. Сондай-ақ, оқу процесінде Блум таксономиясы қолданылып оқушылардың сыни ойлауын дамытады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының мақсаты – оқушыларды оқу үрдісіне интерактивті түрде тарту арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды қамтамасыз ету [5, б. 63]. Проблемалық жағдайлар – бұл жаңа шешімдерді іздеуге мәжбүрлейтін белгісіз жағдай, яғни ойлау – жаңаны іздеу және ашу [6]. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бірнеше кезеңнен тұрады:

I кезең «Шақыру» (субъективті тәжірибені актуализациялау).

II кезең ««Мағынаның іске асуы»».


III кезең «Рефлексия»».

Бірінші кезең – Шақыру. Бұл кезең мынандай мүмкіндік береді: берілген тақырып немесе мәселе бойынша студенттің бұрыннан бар білімін өзектілендіру және жалпылау; сұрақтарды құрастыру; оқушыларды сабақта және үйде белсенді жұмыс істеуге баулу [7]. Бірінші кезеңде мотивация механизмдері іске қосылады, мақсат анықталады. Екінші кезең – Мағынаның іске асуы. Мұнда басқа да міндеттер бар. Бұл кезең мүмкіндік береді: жаңа ақпарат алу, оны түсіну; оны бұрыннан бар біліммен салыстыру; бірінші бөлімде қойылған сұрақтарға жауап іздеу. Нәтижесінде студент жаңа ақпарат алады, жаңа және бұрыннан бар білімдерін салыстырады, алынған мәліметтерді жүйелейді. Осылайша, студенттер өз түсінігін өз бетінше орындайды. Үшінші кезең – рефлексия. Мұнда ең бастысы: алынған ақпаратты тұтас түсіну, жалпылау; жаңа білімді, жаңа ақпаратты меңгеру; әр оқушының оқытылатын материалға деген өзіндік көзқарасын қалыптастыру [8]. Рефлексия кезеңі ойланып пайымдаумен (ауызша да, жазбаша да), жүйелеумен, жаңа ақпаратты бағалаумен сипатталады [9].

Біз жүргізген тәжірибе №23 ЖББОМ, 10 А сыныбында өтті. Тәжірибенің мақсаты-оқушылардың сыни ойлауының қалыптасу деңгейін бағалау. Ол үшін сауалнама түрінде берілді. Төмендегі бекітулер қаншалықты сізге сипаттама береді

1. Мен алдына қойылған мәселені (ақпаратты) әр түрлі көзқарастардан қарастыра аламын
 2. Басқа ұсынылған идеяларға ашықпын
 3. Адамдармен ынтымақтастықта проблемаларды шеше аламын
 4. Қызығушылық танытып жиі сұрақтар қоямын
 5. Өз біліміңізді әртүрлі жағдайларда қолдана аламын
 6. Өзін-өзі бағалай аламын
 7. Логикалық қорытындылар құрай аламын
 8. Сұраққа анық және дәлелмен жауап бере аламын
 9. Басқа адамдардың ойын ескере отырып, қорытынды жасай аламын
 10. Өз ойыңызды анық және дәлелмен жеткізе аламын
- A) Мүлде келіспеймін
B) Жартылай келіспеймін
C) Бәрібір
D) Жартылай келісемін
E) Толығымен келісемін
- Сауалнама нәтижесі:

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУҒА САУАЛНАМА



1-сурет. Оқушылардың сыни ойлау деңгейін бағалауға сауалнама нәтижесі

Сауалнама нәтижесін қарастырсақ, 10% оқушылар толығымен келісемін, 45% оқушылар жартылай келісемін, 20% жартылай келіспеймін, 15% мүлде келіспеймін деп жауап берді. Бұл нәтижеге сүйінсек, оқушылардың сыни ойлау деңгейі орташадан төмен екенін бақылауға болады. Сондықтан біз ұсынатын әдістер оқушылардың сыни ойлау деңгейін дамыту басты мақсатқа қойылды. Біз ұсынатын әдістерді жоғары сынып оқушыларының күнтізбелік-тақырыптық жоспарынан алынған тақырыптарына сәйкес: 10-сыныпта «Prediction and prevention of natural disaster» тақырыбы бар. Біз «Prediction tree» пайдалана аламыз. Бұл әдіс әңгімедегі оқиға желісінің дамуы туралы болжам жасауға көмектеседі. Бұл әдістемен жұмыс істеу ережелері келесідей: ағаштың діңі - тақырып, жапырақтар - бұл болжамдар. Яғни, бұл Brainstorming уақытында қолдануға болады. Ең бастысы мұғалім өз ойын, идеяларын балаларға ұсыну керек. Кейін оқушыларды топқа бөліп, әр топқа әр түрлі табиғи апаттары бар видео ұсынылады. Әр топ видеоны көріп, бұл табиғат апатын алдын алу жолдарын талқылайды. Оқушылар әр топтан көшбасшыны таңдап, олар өз ойларын басқа топтарға жеткізіп, қорғайды. Бір топ қорғап болғаннан кейін, басқа топтар бұл шешімге келісетінің немесе басқа жолдарын айтады. Кейін оқушылар ағашқа оралып, жапыраққа табиғат апатын алдын алу жолы мен дәлелін жазады. Екінші әдіс: «Diaries» Тақырыбы: «Discussing the difference between organic and non-organic food». Сынып: 10. Бұл әдісті қолдану барысында оқушылар өз білімдерін бағалайды. Бұл 1-кесте түрінде ұсынылуы мүмкін. Сабақ басында органикалық және органикалық емес тағамның суреттері ұсынылады. Оқушылар бұл суреттердің бір-бірінен айырмашылығын айтады. Мұғалім суреттерді талқылау барысында оқушыларға сұрақтар қояды. Кейін оқушыларға мәтін беріліп, бұл мәтіннен жаңа ақпаратты қабылдайды. Ақпаратты жинақтау барысында, оқушылар осы ұсынылған кестені толтырады.

1-кесте

What do I know about this topic?	What new things did I learn from the topic

Келесі Қызықты әдіс – «Two-part diaries». Тақырып: «Describing the symptoms of stress and giving advice on how to reduce stress». Бұл әдісте күнделіктің сол жағына оқушылар өздеріне ең үлкен әсер еткен сәттерді жазады. Оң жақта олар түсініктеме, дәлел беруі керек. Бұл ұсынылған әдістерді қолданып, зерттеу жүргізу барысында оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау деңгейінің жоғарлағанын байқадық, оны бағалау критерийлер мынандай болды:

1. Оқушылардың сураққа анық және дәлелмен жауап беруі;
2. Алған ақпаратты талдау қабілеті;
3. Өз-өзіне рефлексия жасау қабілеті;
4. Басқа адамдардың ойын ескере отырып, қорытынды жасау.
5. Әртүрлі пікірлер арасында саналы таңдау жасайды;
6. Ортақ пікір туатын бірлескен жұмысты бағалайды;
7. Біреудің көзқарасын бағалауды біледі

Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, сыни тұрғыдан ойлау дамыту оқушының тұлғалық өсуіне мүмкіндік береді, оның ақыл-ойы мен даралығын дамытады деген қорытындыға келдік. Ол білім беру саласындағы көптеген мәселелерді шешуге ашық Жоғары сынып оқушылары қиындықтарды жеңу үшін терең білімге ие болуы керек және оны талдай білу

керек. Сондықтан проблемалық әдістерді қолдана отырып, біз болашақ азаматтардың шешім қабылдауға, өз ойын еркін жеткізуге дайындау мақсаты қойылады [10].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Lipman M. Thinking in education. Cambridge. Cambridge university press, 1991. 188 p.
2. Vess D. Creative writing and the Historian: an active learning Model for teaching the craft of History // The History Teacher. Vol. 30, Number 1. November 1996. P. 45-53.
3. Клустер Д. Что такое критическое мышление // Русский язык. 2002. № 29. С. 3.
4. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления. (Как мы мыслим). М.: Лабиринт, 1999. 192 с.
5. Орлова В. А. Психология в вопросах и ответах: учебное пособие [Текст] / В. А. Орехова. — М.: КНОРУС, 2009. -200 с
6. Волков Е. Н. Базовые научно-инженерные компоненты современного бизнес-образования: критическое мышление, онтография, социальная инженерия / Е.Н.Волков // Материалы Международной научнопрактической конференции. – Н.Новгород, 2012. – С.
7. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития: пособие для учителя. – СПб; Альянс «Дельта», 2003
8. Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2004.
9. Козырь Е.А. Характеристика приемов технологии РКМЧП. // газ. «Русский язык». – 2009. – № 7
10. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М. Народное образование, 1998

Урбанская А.А., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. ФКиС-44, студентка
(*Научный руководитель – м.п.н, ст.преподаватель Сулеева К.М.*)

СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ОРГАНИЗАЦИИ И ВНЕДРЕНИЮ ИННОВАЦИОННЫХ ВИДОВ ФИТНЕСА (НА ПРИМЕРЕ СТУДИИ АЭРОЙОГИ Г. КАРАГАНДЫ)

Актуальность исследования. Жизнь современного человека в условиях городской жизни зачастую характерна малоподвижным образом жизни, человек все реже использует силу мышц, большое количество времени проводит за компьютером или другими гаджетами. Физической культуре, спорту или просто активному отдыху уделяется все меньше и меньше внимания [1, 2, 3]. Хронический дефицит двигательной активности способствует ухудшению обмена веществ в организме, ухудшению работы сердечно-сосудистой и дыхательной систем, снижается тонус мышц и т.д.[4].

Возникает потребность в поиске эффективных средств борьбы с малоподвижным образом жизни и его последствиями. Такими средствами могут выступать инновационные виды фитнеса, одним из которых является аэройога.

Аэройога (аэро – воздух, йога – единение, гармония) – это новый вид восточных практик, включающих как теоретические знания по йоге, так и воздушную акробатику. Основным отличием аэройоги является то, что занятия проходят в специальных гамаках (плотная ткань в форме качели), надежно закрепленных к потолку на расстоянии от пола 1 – 1,5 метра [5].

Индустрия фитнеса в современном мире активно развивается. Популяризация аэройоги, как нового модного тренда фитнеса, и рост интереса к здоровому образу жизни указывает на актуальность исследуемой проблемы. Практически все работающие в этой сфере объекты фитнеса используют как один из основных способов привлечения клиентов социальные сети. Различные фитнес клубы, студии и т.д. благодаря этому ресурсу формируют желаемый имидж, создают узнаваемость, предлагают и продают свои услуги в имиджевой «упаковке». Однако, на данный момент исследование данных аспектов не теряет своей актуальности в связи с постоянно меняющимися условиями и обновлениями. Изучение данного направления работы фитнес-